

«Шұғыла» бобекжай-балабақшасы» МКҚК

Хаттама № 7

Қосбөлтек ауылы

24.11.2023ж

Ата-аналарға арналған консультациялық пункт бойынша жүргізілген іс шара барысында «Мектепке дейінгі балалардың денсаулық технологиясы және қауіпсіз мінез-құлық негіздері» тақырыбында меңгеруші Ш.Жанхожаеваның ұйымдастырумен баяндамасы тыңдалды.

Баяндама барысында баланың денсаулығының жақсысы ата-ана үшін ең маңызды нәрсе. Қазіргі уақытта балалардың денсаулығы біздің еліміз үшін ерекше құндылық болып табылады. Әрине дені сау бала өсіру-оңай міндет емес. Алайда жыл өткен сайын дені сау балалар саны азайып бара жатқаны да шындық. Балабақшада баланың денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін қадағалау ең өзекті мәселе болып қала бермек. Балабақшада мектеп жасына дейінгі бүлдіршіннің денесін шынықтырудағы негізгі салауатты өмір салты мәдениетін насихаттай отырып, оның өміріне қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыруда біршама жұмыстар атқардық. Атап айтатын болсам ең алдымен алдымызға міндеттер алдық, әрине тәрбиешілердің психологиялық-педагогикалық іскерліктерін арттыру, тәрбиеленушілердің білім алуының тұтастығын мен жүйелілігін, зиянды әдеттердің алдын алу, баланың тұтас денсаулығын қалыптастыру барысында жұмыс жасай отырып, күтілген нәтижелерге тоқтала кетсем, баланың дене, рухани жеке әлемін жетілдіру, сонымен қатар баланың денсаулығын қалыптастыру, мінез-құлқындағы жағымды қабілеттерді жетілдіру болып отыр. Осы аталған міндеттерді атқару барысында педагогтар мен ата-аналар арасындағы байланысты жұмыстарды үнемі жасап жетістіктерге жеттік десек те болады. Балабақшада баланың денсаулығын нығайтуда дені сау бала тәрбиелеу үшін түрлі бағыттар бойынша жұмыс жасалынып келеді.

Атап айтсам, педагогтар, медбике, психолог, ата-аналардан сауалнамалар алу, баяндама, кеңестер беру, денсаулық сақтау технологиялармен, сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру болып отыр. Бала денсаулығының анықтау барысында бала денсаулығының парағы бойынша баланың дене дамуының көрсеткіштері, денсаулық жағдайы туралы қорытындысы көрсетіледі, яғни балабақшаға қабылданған әр баланың осындай денсаулық парағы болатынын атап өтті.

Осы тақырып аясында өз ойларын ортаға салу ұсынылды.

Ата-ана Л.Орынбасар өз отбасында бала денсаулығына бей-жай қарамайтынын айта келе, әрине отбасында балаға түрлі сауықтыру шараларын қолданбайтынын, тек дұрыс тамақтануын, ойынын қадағалап отыратынын, бұл ойын да, дұрыс тамақтануда бала

денсаулығына жақсы нәтиже береді деп ойлаймын. Дегенмен балабақшада жоспар аясында жүргізілетін болғандықтан басқаша болатын шығар деп өз ойын ортаға салды. Меңгеруші Ш.Жанхожаева ата-аналарға баланың денсаулығын жақсарту барысында уақыттарын бөліп пікір алмасқандарына рахметін айта отырып, бала біздің болашағымыз оларға жақсы қасиеттерді бойларына дарыта білейік деп айтты.

Хатшы:  Максымханова Ф.

денсаулығына жақсы нәтиже береді деп ойлаймын. Дегенмен балабақшада жоспар аясында жүргізілетін болғандықтан басқаша болатын шығар деп өз ойын ортаға салды. Меңгеруші Ш.Жанхожаева ата-аналарға баланың денсаулығын жақсарту барысында уақыттарын бөліп пікір алмасқандарына рахметін айта отырып, бала біздің болашағымыз оларға жақсы қасиеттерді бойларына дарыта білейік деп айтты.

Хатшы:  Максымханова Ф.



